



"КазТрансОйл" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 29 желтоқсан N 1352

Қазақстан Республикасының мұнай құбыры жүйесінің жұмысын тұрақтандыру мақсатында және жаңа тармақтың құрылышын салу мен Сайөтес-Бозаңы су ағарындағы аварияны жою жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыруға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

1. "КазТрансОйл" жабық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) арналық труба құбыры объектілерін қайта жаңартуға және техникалық қайта жарақтандыруға бағытталған 1998 жылдың бірінші шілдесіне дейін кезеңдегі мұнайды экспортқа тасымалдауға арналған ауыспалы құрамды тарифті

қолданудан қалған қаражаттың қалдығын күрделі салымдардың мұқтажы, оның ішінде Сайөтес-Бозаңы су ағарындағы аварияны жою үшін Қоғамның билігінде қалдыру туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Орынбекова Д.К.

Қобдалиева Н.М.